

**6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Нурсолтан  
Еликтің «Қазақ театрындағы шетел драматургиясын интерпретациялау  
мәселесі» атты диссертациясының мәтініне  
АҢДАТПА**

**Зерттеу жұмыстың өзектілігі.** Диссертацияның өзектілігі әлемдік деңгейдегі пәрменді өркениеттік жаңғырулар мен күрделі тарихи-мәдени өзгерістермен тікелей байланысты. Бүгінгі қоғамдық, әлеуметтік, рухани өміріміздегі орын алып отырған көптеген өзгерістердің өзін рухани мәдениетпен бірге сіңген мәдени болмыс деуге болады.

Тарихқа көз жүгіртіп қарайтын болсақ, барлық қоғамның даму кезеңдері мен саяси шешімдері, тиісінше рухани жетістіктері мен кемшін тұстары да сол елдің өнері мен мәдениетіне тікелей байланысты. Ал, соның ішінде мәдениеттің басты құрамдас бөлігі сахна өнерінің алатын орны орасан зор.

Біздің алдымызда тұрған негізгі мәселелердің бірі – әлемдік шығармалардың табиғатын ұғынып, сол дүниелерді жаңаша интерпретациялаған қазақ режиссерлерінің жұмысына театртанушылық талдау жасау.

Қазақ театрында қалыптасқан жасампаз дәстүрлердің бірі – буынаралық сабақтастық. Ұлттық театр өнерінің өз жалғастығын жоғалтпай, заман талабына сай дамып-жанданып келе жатуы да сол дәстүрдің көрнекті жемістерінің бірі.

Қазақстанның бүгінгі театр өнері – жалғастықта дамып отырған және өзінің көкжиегін кеңейтетін жаңа сипат іздеуші жанды феномен. Сондықтан, жаңа ғасырдың жаһандану кезеңінде жас мемлекетіміздің ұлттық ерекшелігін айқындап баса көрсету, сондай-ақ, ұлттық идеяны жас ұрпаққа қалыптастыру қажеттілігі туындап отырған бүгінгі заманда, театр өнері бағытын, оның ішінде аударма шығармаларды игеру жұмыстарын мемлекеттік деңгейде қолға алу өте қажет деп есептейміз.

Тәуелсіз еліміздің ұлттық өнерінің аясын кеңейту жолындағы бір бағыт – шетел драматургиясының жаңаша интерпретацияларын жасау болды десек орынды. Жаңаша интерпретациялар, яғни жаңа көркемдік шешімдер, әрине, тақыр жерде туған жоқ, бұл – бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі негізден алады. Осы орайда тәуелсіздік алғаннан бүгінгі күнге дейін Қазақстан театр өнерінің дәстүрлі ұлттық көркемдік шешімдерінің тәжірибелері мен енді қалыптасып келе жатқан стильдерді талдау қажеттігі туындады.

Ұлттық театр өнерімізде шетел драматургиясын, яғни аударма туындыларды игеру, заман талабына сай интерпретациялану барысын зерттеп-талдау, оның режиссерлік шешімдерін театрдың теориясы мен әдіснамасына, мәдениеттанушылық қырларына байланысты зерттеу заман талабынан туындандап отыр.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық жұмыстың басты мақсаты – тәуелсіздік жылдары қазақ сахнасында қойылған шетел драматургиясын интерпретациялау мәселелерін қазақ театрының қазіргі жағдайының барысы арқылы театртанушылық тұрғыдан зерттеу.

Жоғарыда аталған мақсатты жүзеге асыру үшін біз алдымызға төмендегідей **міндеттерді** жүктедік:

- Классикалық шығарманың сахналық интерпретациясын жасаушы режиссердің қойылымдағы көркемдік-идеялық мазмұнын ашу тәсілдемелерін зерттеу;

- Әлемдік классикалық пьесаларды сахнаға шығарған қазақ режиссерлерінің спектакльдеріндегі дәстүршілдік пен жаңашылдықтың өзара сабақтастығын ашу;

- Шекспир пьесаларының қазақ театрындағы жаңа көркемдік шешімдерін шетел театрларындағы қойылымдармен салыстыра зерттеу;

- Қазақ сахнасындағы орыс драматургиясының заманауи режиссерлік оқылымын анықтау;

- Қазақ режиссерлерінің АҚШ драматургиясын қоюдағы ізденістерінің сипатын айқындау, олардың дәуір тынысымен үндестігіне, өзектілігі мен өміршеңдігіне баға беру;

- Шыңғыс Айтматов шығармаларын интерпретациялаудағы ұлттық режиссура мен актерлік өнердің, сондай-ақ, театр мәдениеті мен эстетикасына тигізген әсер-ықпалының тәжірибелік маңызын ашу.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ театрындағы шетел драматургиясын интерпретациялау тақырыбында арнайы зерттеу жасалып, жүйелі түрде талданып, ғылыми-теориялық сараптама жүргізілген емес.

1926-1991 жж. аралығында, яғни тәуелсіздікке дейінгі кезеңде шетелдік драматургия бойынша қойылған жекелеген спектакльдер туралы ой-пікір, талдауларды театртанушылар Б. Құндақбайұлы, Ә. Сығай, А. Қадыров, Н. Львов, Л. Богатенкова, Қ. Қуандықов, С. Қабдиева, Б. Нұрпейістің ғылыми монографияларынан кездестіруімізге болады. Әсіресе, «Қазақ театрының тарихы» атты көлемді ұжымдық монографияда Б. Құндақбайұлы мен Л. Богатенкованың аударма пьесалардың қойылуы туралы жазған тарауларын; Б. Құндақбайұлының «Путь театра», «Уақыт және театр», «Заман және театр өнері», «Театр туралы толғаныстар»; Л. Богатенкованың «Верность времени», «Современное казахское сценическое искусство», «Услышать и понять человека», «В поисках утраченного времени», Н. Львовтың «Казахский театр», Қ. Қуандықовтың «Театрда туған ойлар», С. Қабдиеваның «Фольклорные традиции в казахском театре», Б. Нұрпейістің «Қазақтың Жастар мен балалар театры» және «Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915-2005)» атты ғылыми монографияларында әлемдік, орыс және түркі тілдес елдері драматургиясының ұлттық театрда игерілу деңгейі жөнінде тараулары бар.

Бірақ, зерттеу жұмысымыздың негізгі бөлімін құрайтын тәуелсіздік кезеңінде шетел драматургиясының қойылуына байланысты арнайы ғылыми тұжырымдама жасалынып, зерттеу жүргізіле қоймағандығын тағы да айта кеткен жөн. Тек жекелеген спектакльдер туралы С. Қабдиева, Б. Нұрпейіс, А. Мұқан, А. Еркебай, М. Жақсылықова, З. Исламбаева, Н. Ескендіров, С. Әбединова, Ж. Сұлтанова сынды ғалымдармен, сондай-ақ, театртанушылар А.

Қадыралиева, А. Ахмет, Ұ. Тоқаева т.б. жекелеген зерттеушілердің монографиялары мен мақалаларынан кездестіруге болады.

Зерттеу тақырыбымыз бүгінгі таңдағы жаңа қойылымдарды талдап-сараптау болғандықтан, зерттеу нысанымызға алынған спектакльдер туралы мерзімді баспасөзде жарияланған ақпараттық-сараптама мақалалары мен сұхбаттарындағы зиялы қауым өкілдерінің пікірлері де қосымша ақпарат ретінде пайдаланылды. Сонымен қоса, қазіргі ресейлік зерттеулер, соның ішінде кеңестік кезеңдегі жүргізілген зерттеу жұмыстары да қажетіне қарай қолданылды.

Түйіндей келе, еліміз егемендігін алған кезден бері театр сахнасындағы шетел драматургиясының интерпретациясы туралы толымды зерттеулер жүргізіліп, теориялық тұжырымдар жасалып үлгере қоймағандықтан, біз көтерген тақырыптың ғылыми тұрғыда тың дүние екенін айта кеткіміз келеді. Дәлірек айтқанда, нақты осы тақырып аясында ғылыми диссертациялық зерттеулер болған жоқ.

**Зерттеу жұмыстың нысаны.** Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ театр өнері.

**Зерттеу жұмысының пәні** – ұлттық театр репертуарынан үлкен орын алатын шетел драматургиясы бойынша қойылған спектакльдерді театртанушылық тұрғысынан қарастыру болып табылады.

**Зерттеу жұмысының жаңалығы.** Бұл жұмыстың негізгі жаңалығы – тәуелсіздік жылдарындағы қазақ театр өнеріндегі аударма шығармалар бойынша қойылған спектакльдердің бағыт-бағдары тұңғыш рет ғылыми зерделеніп, зерттеу жұмыстың нысанына айналды. Қазіргі қазақ сахна өнерінде шетел драматургиясын жаңаша интерпретациялау ұлттық рухани еркіндіктің көрінісі ретінде пайымдалды.

Зерттеу барысында жаңашылдық мәртебесіне ие болған бірқатар нәтижелер алынды: олардың негізгілері мыналар:

– Пьесаның анықталған концепциясын, экспликациясын жасап, оны сахнада жүзеге асыратын режиссер сол театрлық интерпретацияның авторы ретінде қабылданатыны сарапталды.

– Қазақ театр өнерінің әлемдік мәдениет контекстіне енуіне байланысты шетелдік туындылардағы танымал бейнелерді сомдаудағы қазақ актерлерінің орындаушылық шеберліктері мен техникасы анықталды.

– Шекспирдің пьесаларына өзіндік интерпретациямен келген режиссерлер көбінесе шарттылыққа, метафораларға және пластикалық тілге сүйене отырып, бүгінгі заманның өткір мәселелерін алдыңғы кезекке шығара алғаны анықталды.

– Орыс драматургиясының қазақ театрындағы жаңа көркемдік шешімдері режиссерлердің жаңа интерпретациялары арқылы жүзеге асатыны дәлелденді.

– Қазақ сахнасында америкалық драматургтердің пьесалары бойынша қойылған спектакльдері интерпретация тұрғысынан талданып, алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп, сондай-ақ режиссерлеріміз бен актерлеріміздің шеберлігінің шындалуына елеулі ықпал жасағаны анықталды.

– Қазақ театрында Ш. Айтматов шығармалары бойынша жасалған әрқилы интерпретациялық жұмыстар заманауи ұлттық режиссерлік және актерлік ой-пайымдауларын жаңартуға негіз болғаны тұжырымдалды.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдамалар.** Қазақ сахнасындағы шетел драматургиясын интерпретациялау барысын зерттеу нәтижесінде төмендегідей **тұжырымдамалар** ұсынылады:

– Режиссер спектакльдің әр кезеңінде: әрекетті жалпы ұйымдастыруында, қойылымның кеңістік-уақыттық шешімінде, мизансценаларда, яғни театр өнерінің көркемдік тұтас шығармасында өмір сүреді. Интерпретацияның тұтастай өлшемі мен режиссердің шығармашылық тұлға ретіндегі өлшемі олардың бірден-бір ажырамас бөлігі. Сондықтан сахнадағы шетел драматургиясының жаңа интерпретациясы қоғамның өзекті мәселелерімен сабақтасып, «Рухани жаңғыру» идеясымен тоғысқаны режиссерлік шешімдерден, ұлттық актерлік мектептің бағыт-бағдарынан, театрдағы дәстүр мен жаңашылдықтың озық үлгілерінен көрінеді. Басқа халықтардың күрделі шығармаларында өздерін шыңдау үдерісі қазақ театрында жалғасын тауып жатыр.

– Әлем классикасын жаңаша тәуелсіз көзқараста, бүгінгі күннің талабы тұрғысында интерпретациялаған Б. Атабаев, Р. Андриасян, Ә. Рахимов, Н. Жакыпбай, Қ. Сүгірбеков, Т. Жаманқұлов, Қ. Қасымов, Н. Жұманиязов, А. Қабдешова сынды ұлттық режиссерлердің спектакльдеріндегі жаңа ізденістер әлемдік биік деңгейдегі өнермен бәсекелестікке түсіп, ұлттық мәдениетіміздің болмыс-бітімін айқындауда өз орнын тапты. Олардың спектакльдері айшықты, ұтқыр да ұтымды, жинақы сахналық сипатымен және актерлік ойын шеберлігімен, біртұтас сахналық ансамблімен, жарқын театрлық бояуымен, терең психологиялық сезім иірімдерімен және тың режиссерлік интерпретацияларымен ерекшеленді.

– Шекспир пьесалары театрлардың шығармашылық мүмкіндіктерін танытып, режиссура мен актерлік өнердің дамуына ықпал жасады. Театр репертуарларында бұрынғы кезеңдердегідей Шекспир драматургиясының көбірек орын алғандығы, соның ішінде әсіресе жоғары көркемдік талапқа жауап беретін, режиссер Ю. Ханинга-Бекназар қойған «Гамлет» пен Н. Жакыпбайдың «Асауға-тұсауы», Д. Жұмабаева сахнаға шығарған «Лир патша» спектакльдері театрдың жаңа кезеңдегі ізденіс нәтижелері болып, уақыт талабына сай жауап берді. Бұл спектакльдерде аса маңызды болмыс құбылыстары шынайы көркемдік бейнелеу тапты. Режиссерлер реалистік дәстүрге негізделген орындаушылық шеберлікті қазіргі заманғы театр жетістіктерімен толықтырып көркемдік сапасы жоғары спектакльдер жасай алды. Олардың режиссурасында пьесаның ішкі көркемдік әлемі терең зерделеніп, ұлттық мінездердің даралығы айқын көрінді.

– 1991-2015 жылдары қазақ театрлары республикадағы орыс драма театрлары режиссерлерімен тығыз шығармашылық байланыстар орнатты. Осының нәтижесінде ұлттық сахнада Н.В. Гогольдің «Ревизорын» Б. Абдуразақов, «Үйленуін» В. Захаров, А.П. Чеховтың «Апалы-сіңлілі үшеуін» Р.С. Андриасян қойған спектакльдер режиссерлік байыпты байлам-шешімімен,

орындаушылық мәдениетімен әрі көркем сахналық ұлттық бояу молдығымен ерекшеленді. Аталған режиссерлер актерлік техниканы таптаурындықтан, стереотиптерден арылтып, сахналық бейнелеу құралдарын жаңғыртты. Сахналық бейненің ішкі психологиялық дамуымен бірге, пластикалық қимыл-қозғалыстарына айрықша мән беріп, режиссурада философиялық таным мен тағылымды нығайта түсті.

– Қазақ сахнасында тұңғыш рет америкалық жазушылар Т. Уильямс, Ю. О’Нил, Э. Олбидің пьесалары бойынша қойылған спектакльдер ұлттық театрдың кезеңдік жетістіктері болып саналады. Бұл аса күрделі драматургиялық шығармаларды театр жете меңгеріп, режиссерлік және актерлік шеберлігінің жаңа қырынан көрінуіне жол ашты. Бүгінгі қоғам мен тарихи танымға үлкен әсерін тигізіп отырған ғаламдық өзгерістер мен әлеуметтік үдерістердің қазақ қоғамына деген ықпалы осы шығармалар арқылы жеткізілді. «Шыны хайуанат», «Құштарлық трамвайы», «Зоопарктегі оқиға» мен «Шырмауық астындағы шырғалаң» спектакльдері жаңа сахналық тіл мен жаңа пішіндерді дамытудың жалғасып жатқандығына жарқын мысал бола алады.

– Классикалық драматургия өміршеңдігінің басты шарты – өз заманымен үндестігінде. Ұлттық сахнада қойылған Ш. Айтматовтың шығармалары жалпыадамзаттық және жаһандық мәселелерді көтеруімен, рухани-эстетикалық құндылықтармен байланысып жатыр. Айтматов әлемін сахнаға шығарған Ә. Мәмбетов, Т. Теменов, О. Кенебаев, Н. Жұманиязов, Д. Жұмабаева спектакльдеріндегі дәстүршілдік пен жаңашылдықтың өзара сабақтастығы анықталып, режиссерлердің ізденісі, кеңістікті игерудегі жаңа тәсілдері мен интерпретаторлық жұмыстары қазақ сахнасының көкжиегін кеңейткені сөзсіз.

**Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі.** Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдістемелік негізі ретінде қазақ театртану ғылымындағы жетістіктер мен ғылыми ізденістер басшылыққа алынды. Атап айтқанда, қазақ театрының тарихына, қойылымдардың жанрларына қатысты ғылыми таным мен түсініктер, театрдың тарихы мен теориясын, сондай-ақ, сахналық және орындаушылық өнердің басқа да мәселелерін қозғаған елеулі зерттеу еңбектер жұмысымыздың методологиялық әрі ғылыми бағдары болып табылды. Бұл мәселеде әдебиеттану ғылымына үлес қосқан М. Әуезов, Ә. Тәжібаев, Р. Нұрғалиев, С. Қасқабасов, С. Қирабаев және т.б. ғалымдар еңбектері мен ғылыми зерттеулері назарда ұсталып, жұмыс жазу барысында қажетіне қарай қолданыс тауып отырды. Мәдениеттану, философия саласындағы ғалымдардың еңбектері де мүмкіндігіне қарай пайдаланылды.

Сонымен бірге, тақырыбымызға қатысты орыс ғалымдарының теориялық пікірлеріне назар аударылды, атап айтқанда: К. Станиславский, Вл.И. Немирович-Данченко, А.Д. Попов, Б.Е. Захава, А.В. Эфрос, Б. Алперс, А. Бартошевич, П. Марков, К. Рудницкий, М. Кнебель және т.б. ғылыми еңбектер тиісті дәрежеде кәдеге асырылды. Шетел театр қайраткерлерінің, атап айтқанда Б. Брехт, А. Арто, П. Брук, Е. Гротовский, Дж. Стрелер, Э. Бентли, т.б. зерттеулері де басшылыққа алынып отырды. Сондай-ақ, қазақстандық театртанушы-ғалымдары Б. Құндақбайұлы, А. Қадыров, Ә. Сығай, С. Қабдиева,

Б. Нұрпейіс, Т. Жаманқұлов, А. Мұқан, А. Еркебай, З. Исламбаева, М. Жақсылықова, Н. Ескендіровтің еңбектері кеңінен қолданылды.

Диссертациялық жұмыста театртанушылық талдау мен тарихи-хронологиялық, тарихи-салыстырмалы әдісті мүмкіндігіне қарай барынша жүзеге асырдық. Қойылымдағы актерлік ойын мен техникасын анықтауда (актер шеберлігі, сахна тілі, сахна қозғалысы сияқты әртүрлі заңдылықтар) театртанушылық талдама-сараптау әдістері де пайдаланылды. Тәуелсіздік кезіндегі аударма шығармалар бойынша сахнаға шыққан туындыларға қатысты материалдарды жинақтау, сұрыптау мен дәйектеуге негізделген.

Ғылыми жұмысты жазуда шетелдік және отандық іргелі ғылыми еңбектер қарастырылып, мерзімді басылымдар мен каталог, альбомдар пайдаланылды. Сонымен қатар, театр музейлері мен мұрағаттық қорларындағы, сондай-ақ режиссерлермен жүргізілген сараптамалық зерттеулер мен дәйекті материалдарға сүйену – зерттеу жұмысының құндылығын арттыра түсіп, жұмысқа нақтылық пен дәлдік берді. Бұл кезеңде қойылған қойылымдар жан-жақты қарастырылып, олардың композициялық құрылымдары мен шешімдері талданды. Ғылыми жұмыстағы деректерді нақтылау мақсатында арнайы таңдалып алынған қойылымдардың негізінде тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық театрдың даму тенденциясы мен ерекшеліктері айқындалып, шетелдік драматург шығармаларының қазақ сахнасына бейімделу жолдары қарастырылды.

**Зерттеу нәтижелерінің баяндалуы мен мақұлдануы.** Диссертациялық зерттеу жұмысы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясындағы «Өнертану» факультетінің «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасында орындалып, осы кафедраның мәжілісінде талқылауға ұсынылды.

Зерттеудің негізгі мазмұны, ғылыми нәтижелері мен түйінді тұжырымдары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті белгілеген арнаулы басылымдарында жарық көрді. Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдістемелік қағидалары, тәжірибелік нәтижелері мен тұжырымдары ғылыми-теориялық конференциялар мен ғылыми-практикалық семинарларда сыннан өтіп, баяндалды.

**Диссертациялық еңбектің құрылымы:** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, әрқайсысы үш тараушадан құрылған екі бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Зерттеу жұмысының соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген.

«Қазақ театрының қалыптасып дамуына Батыс Еуропа драматургиясының әсері» атты бірінші бөлімде алғашқы күнен бастап бүгінге дейінгі шетел драматургиясының сахналану тарихына тоқтала отырып тың режиссерлік интерпретациялар мен спектакльдердің кезеңдік болу себептері анықталған. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ сахнасындағы Софокл, Еврипид, Мольер, Гоцци, Шиллер, Гауптман, Ибсен, т.б. Еуропа драматургиясының ірі өкілдерінің пьесаларының қойылу тарихын қарастырылған. Мұндағы режиссерлік шешімдерге, қойылымның көркемдік деңгейіне театртанушылық тұрғыдан баға беріледі. Дүниежүзіне әйгілі Шекспирдің пьесаларын еліміздің

режиссерлері сахналауда көтерген өзекті мәселелерін аша отырып, актерлік жетістіктерді де назардан тыс қалмаған.

Ал, «Шетел драматургиясын игерудегі сахналық ізденіс жолдары» атты екінші бөлімде орыс драматургиясының ірі өкілдері А.П.Чехов пен Н.В.Гогольдің шығармаларын сахналаудағы режиссерлік интерпретациялар сараланды. Т.Уильямс, Э.Олби, Ю.О'Нил шығармаларының қазақ театрындағы орнын, оларды сахналаудағы режиссерлік шешімдердегі жаңашылдықтарды айта келе төл театр өнеріміздің дамуына тигізген ықпалы талданды. Сондай-ақ, Ш.Айтматовтың прозасының философиялық өрісі жаңа белеске көтеріліп, тың режиссерлік шешімдермен сахнада қойылуы қарастырылды.

Қорытындыда зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша қысқа тұжырымдамалар келтіріледі.